

"БЕКІТІЛДІ"
"Halyk Finance" АҚ
Директорлар кеңесінің
шешімімен 2022 жылғы
"01" қараша № 34/22-3
Директорлар кеңесінің сырттай дауыс
беру қорытындылары туралы хаттамасы

Зейнетақы активтерін
сенімгерлік басқару
жөніндегі инвестициялық
декларация

1 Тарау. Жалпы ережелер.

1. Осы сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері (бұдан әрі – зейнетақы активтері) есебінен қалыптастырылған қаржы құралдарының портфеліне арналған инвестициялық декларация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді.
2. Зейнетақы активтері бойынша инвестициялық декларация (бұдан әрі-Декларация) басқарудағы зейнетақы активтерін инвестициялаудың мақсаттарын, стратегиясын, инвестициялау объектілерінің тізбесін, зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің шарттары мен шектеулерін, зейнетақы активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттарын айқындайды.

2 Тарау. Зейнетақы активтерін инвестициялаудың мақсаттары мен стратегиялары.

3. Басқармаға қабылданған зейнетақы активтерін инвестициялаудың мақсаты зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету және зейнетақы жинақтарының салымшыларының (алушыларының) мүддесі үшін оң нақты инвестициялық кіріс алу болып табылады.
4. Зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясы инвестициялық активтер жіктелімін оңтайлы үйлестіру, валюталық, географиялық және салалық әртараптандыру және тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану жолымен зейнетақы активтері құнының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекел деңгейі қабылданған кезде қаржы құралдары құнының өсімінен кіріс, пайыздық кіріс және активтерді қайта инвестициялау арқылы табыс алу арқылы ұзақ мерзімді перспективада зейнетақы жинақтарының нақты табыстылығын және сақталуын алуға бағытталған.
5. Осы мақсаттарға жету үшін инвестициялау стратегиясы келесі принциптерге негізделген:
 - сақтау, кірістілік, әртараптандыру және өтімділік қағидаттарын қамтамасыз ету қажеттілігіне қарай зейнетақы активтерін инвестициялау;
 - макроэкономикалық жағдайды, оның ішінде әлеуетті экономикалық және қаржылық салдарды, сондай-ақ капитал нарықтарындағы перспективалар мен трендтерді назарға алу;
 - тәуекел мен күтілетін табыстылықтың оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ете отырып, зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымын қалыптастыру және

қолдау;

- инвестициялық портфель құрамына қаржы құралдары мен эмитенттерді мұқият іріктеу және талдау жүргізу;

- инвестициялық портфельді активтердің түрлері, инвестициялау мерзімдері, инвестициялау валютасы және эмитенттің елдік белгілері бойынша әртараптандыру;

Инвестициялық табыстылықты арттыру және әртараптандыру мақсатында зейнетақы активтерінің бір бөлігі халықаралық нарықтарда айналыстағы қаржы құралдарына инвестицияланатын болады. Макроэкономикалық жағдайға және нарықтық трендтерге байланысты ұлттық валютадағы портфельдің зейнетақы активтері негізінен тіркелген кірістілігі бар құралдарға (мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік сектордың бағалы қағаздары) инвестицияланатын болады, сондай-ақ ақша нарығының құралдары (репо операциялары және депозиттер), портфельдің валюталық бөлігін қалыптастыру негізінен үлестік құралдар (акциялар, депозитарлық қолхаттар және индекстік қорлар), еурооблигациялар және облигациялардың индекстік қорлары есебінен жүзеге асырылатын болады.

6. Зейнетақы активтерін инвестициялау Декларацияға сәйкес зейнетақы активтері және инвестициялау лимиттері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.
7. Зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі және инвестициялау лимиттері:

№	Қаржы құралының атауы	Лимит (сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері құнының пайызымен)
1.	Ұлттық валютадағы ақша қаражаты – теңге (KZT)	100%
2.	Кері РЕПО	100%
3.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмитенттелген), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен және (немесе) кепілгерлігімен шығарылған бағалы қағаздар	100%
4.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	100%
5.	Акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар	100%
6.	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес «Қазақстанның Даму Банкі», «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры», «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі», «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	70%

7.	<p>Келесі шарттардың біріне сәйкес келген кезде, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - банктердің Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-» төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағалауы немесе шкала Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша «kzA-» төмен емес рейтингтік бағасы бар; -банктер резидент-еншілес банктер, резидент емес-бас банк болып табылады, олардың Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «A-» төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағалауы бар 	30%
8.	<p>Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «A-» төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағалауы бар, резидент емес банктердегі салымдары</p>	20%
9.	<p>Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB+» төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағалауы бар, келесі халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Азия Даму Банкі (the Asian Development Bank);; - Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank); - Африка Даму Банкі (the African Development Bank); - Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development); - Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank); Еуропалық Кеңестің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank); - Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Ислам корпорациясы (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector); - Ислам Даму Банкі (the Islamic Development Bank); - Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency); - Скандинавиялық инвестициялық банкі (the Nordic 	30%

	<p>Investment Bank);</p> <ul style="list-style-type: none"> - Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund); - Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association); - Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (the International Centre for Settlement of Investment Disputes); - Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development); - Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation); <p>а также ценные бумаги, выпущенные международной сондай-ақ жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасының үлесі кемінде 25% құрайтын халықаралық қаржы ұйымы шығарған бағалы қағаздары</p>	
10.	<p>Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-» төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағалауы бар, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздары</p>	50%-дан аз
11.	<p>Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:</p>	Ескертуді қараңыз
	<p>1. Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB+» төмен емес рейтингтік бағалауы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағалауы бар, шетелдік эмитенттердің акциялары;</p> <p>2. негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар;</p>	10%
	<p>3. Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB» төмен емес рейтингтік бағалауы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағалауы бар, борыштық бағалы қағаздар</p>	40%
12.	<p>Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:</p>	Ескертуді қараңыз

	<p>1. қор биржасында инвесторлардың кең ауқымы арасында жария ұсыныс (сату) шеңберінде орналастырылған (орналастырылатын) Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы эмитенттерінің акциялары және (немесе) базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар;</p> <p>2. қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің «Негізгі» алаңының «Акциялар» секторының «Премиум» санатының талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар;</p> <p>3. негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін заңды тұлғалардың акциялары;</p>	10%
	<p>4. Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B+» төмен емес рейтингтік бағалауы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағалауы, немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) халықаралық шкаласы бойынша «kzBBB» төмен емес рейтингтік бағалауы бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздары;</p> <p>5 бұрын шығарылған бағалы қағаздарға не осы эмитенттің өзге де міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған бағалы қағаздар.</p>	40%
13.	<p>активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе пайлары бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланысты Exchange Traded Funds (Exchange Traded fans) пайларын қоспағанда, Morningstar (Morninstar) рейтингтік агенттігінің «3 жұлдыздан» төмен емес рейтингтік бағасы бар, Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс), Exchange Traded Commodities (Эксчейндж Трэйдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (Эксчейндж Трэйдэд Ноутс) пайлары</p>	10%
14.	<p>Басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің «Аралас» алаңының «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторының талаптарына сәйкес келетін аралық инвестициялық пай қорларының пайлары</p>	20%

15.	Активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе пайлары бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланысты Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) пайлары	30%
16.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB» төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағалауы бар, елдердің шетел валютасы 50%-дан аз	50%-дан аз
17.	он екі айдан аспайтын мерзімге, Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің «AA» төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, Лондон бағалы металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және осы қауымдастықтың құжаттарында «Лондондық сапалы жеткізу» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін тазартылған бағалы металдар және оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріндегі металл депозиттері	50%-дан аз
18.	<p>Базалық активі осы қосымшаға сәйкес зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары болып табылатын хеджирлеу мақсатында жасалған келесі туынды қаржы құралдары:</p> <p>опциондар – сатып алушыға аталған активті белгілі бір бағамен немесе белгілі бір күнге дейін сатып алу немесе сату міндеттемесін емес, құқығын беретін шарт;</p> <p>фьючерстер – болашақта жасалатын сатып алу-сату мәмілесіне қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара беруге байланысты шарт</p> <p>форвардтар – бір тарап белгілі бір мерзімде шарттың нысанасын беруге, ал екінші Тарап оны көрсетілген күн бойынша, көрсетілген уақытта және көрсетілген жерде қабылдауға міндеттенетін шарт;</p> <p>своптар – шартта белгіленген шарттарға сәйкес болашақта төлемдерді айырбастау туралы екі контрагент арасындағы келісім</p>	10%

Ескерту:

1) Зейнетақы активтерінің зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары тізбесінің 11-тармағының 1, 2-тармақшаларында және 12-тармағының 1, 2, 3-тармақшаларында көрсетілген үлестік құралдар портфеліне зейнетақы активтері инвестицияларының жиынтық көлемі, сондай-ақ аралық

инвестициялық пай қорларының пайлары, үлестік құралдарға инвестиция салатын және тізімнің 13-15-тармақтарында көрсетілген Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэдэд Фандс), Exchange Traded Commodities (Эксчейндж Трэдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (Эксчейндж Трэдэд Ноутс) пайлары инвестициялық портфельді басқарушыда сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері құнының 50 (елу) пайызынан аспауға тиіс;

2) Негізгі қор индекстері деп мынадай есептік көрсеткіштер (индекстер) түсініледі:

- CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index);
- CSI 300 (Shanghai Shenzhen CSI 300 Index);
- DAX (Deutscher Aktienindex);
- DJIA (Dow Jones Industrial Average);
- FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index);
- HSI (Hang Seng Index);
- KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index);
- KOSPI 200 (Korea Exchange KOSPI 200 Index);
- MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index);
- MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index);
- NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index);
- NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index);
- Russell 1000 (The Russell 1000 Index);
- RTSI (Russian Trade System Index);
- S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index);
- STOXX Europe Large 200 (The STOXX Europe Large 200 Index);
- TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index).

3 Тарау. Зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде басқарушы мынадай шектеулерді басшылыққа алады:

8. Қаржы құралдарымен байланысты ықтимал шығындарды азайту мақсатында зейнетақы активтерін: елдер бойынша және валюталар бойынша әртараптандыру көзделеді.
9. Белгілі бір мемлекеттің резиденттері болып табылатын эмитенттердің қаржы құралдарына инвестициялау лимиттері («Елге лимит»):

Ел	Лимит (сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері құнының пайызымен)
Қазақстан Республикасы	100%
Шет мемлекет	50%

10. Қаржы құралдары номинацияланған валюталар бойынша инвестициялау лимиттері:

Қаржы құралының валютасы	Лимит (сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері құнының пайызымен)
Теңге	100%
Шетел валютасы	50%-дан аз

11. Ашық валюталық позицияға лимит (бұдан әрі – АВП):

АВП	Лимит (сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері құнының пайызымен)
Шетел валютасындағы АВП	50%-дан

12. Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері инвестициялық портфельді басқарушыда сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері құнының 10 (он) пайызынан аспауға тиіс.

Бір-біріне қатысты үлестес тұлғалар шығарған (ұсынған) инвестициялардың жиынтық мөлшері бөлігінде Декларацияның осы тармағының бірінші бөлігінде белгіленген нормалар, дауыс беретін акцияларының 50 (елу) пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, бір-біріне қатысты үлестес тұлғалар шығарған (берген), қаржы құралдарына қатыс дауыс беретін акцияларының 50 (елу) пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, бір-біріне қатысты үлестес тұлғалар шығарған (берген).ты қолданылмайды.

13. Инвестициялардың жиынтық мөлшері зейнетақы активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодианның банк шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтарды қоса алғанда, шетел валютасында номинирленген қаржы құралдарына зейнетақы активтері есебінен инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері құнының 50 (елу) пайызынан кемін құрайды.

14. Инвестициялардың жиынтық мөлшері эмитенттің бір шығарылымының борыштық бағалы қағаздарына зейнетақы активтері есебінен эмитенттің осы шығарылымының орналастырылған борыштық бағалы қағаздарының жалпы санының 50 (елу) пайызынан азын құрайды.

15. Инвестициялардың жиынтық мөлшері Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акцияларға зейнетақы активтері есебінен осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санының 10 (он) пайызынан азын құрайды.

Инвестициялық қорлар активтері, инвестициялық портфельдер активтері инвестицияларының жиынтық көлемі, инвестициялау және кірістер (шығындар) мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігі есебінен қалыптастырылған, сақтанушының инвестицияларға, «Nalyk Finance» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтеріне қатысу талаптарын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған және қаржы нарығы лицензиаттарының дауыс беретін акцияларына «Nalyk Finance» АҚ-ның меншікті активтері, оларды сатып алуға уәкілетті органның келісімін алуды талап ететін мөлшерден аз болуға тиіс.

16. Басқарушы Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған, оның ішінде, егер Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің интернет-ресурсында жариялаған зейнетақы активтері есебінен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерге сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы және инвестициялық портфельді басқарушылардағы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан 10 (он) пайыздан асқан жағдайда, депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акцияларды

зейнетақы активтері есебінен сатып алу жөнінде шешімдер қабылдамайды.

17. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіндегі депозиттерге (салымдарға) орналастыру мерзімі – 12 (он екі) айдан, шетелдік банктерде – 12 (он екі) айдан аспайды.
18. Зейнетақы активтері бойынша шығынның жол берілетін ең жоғары мөлшері зейнетақы активтері құнының 20% құрайды.

4 Тарау. Зейнетақы активтерімен мәмілелер жасау кезінде басқарушы мынадай шектеулерді басшылыққа алады:

19. Қайталама нарықтағы бағалы қағаздармен, сондай-ақ туынды қаржы құралдарымен зейнетақы активтері есебінен жасалатын мәмілелер, келесі жағдайларды қоспағанда, тек қана қор биржасында жасалады:
 - 1) эмитенттің инвестициялық портфельде бар облигацияларды акцияларға айырбастауы;
 - 2) басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру;
 - 3) эмитенттің инвестициялық портфельде бар акцияларды сатып алу талаптары;
 - 4) қор биржасы делистингке ұшыраған бағалы қағаздарды өткізу;
 - 5) эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау мақсатында шығарылған осы эмитенттің басқа бағалы қағаздарына бағалы қағаздар мен эмитенттің өзге де міндеттемелерін айырбастау;
 - 6) мәміле жасасу кезінде қор биржасы сауда-саттықты ашпаған бағалы қағаздарды сату;
 - 7) эмитенттің өзінің бағалы қағаздарын сатып алуды жүзеге асыруы ;
 - 8) Қазақстан Республикасының резидент-эмитенттері және Қазақстан Республикасының резидент емес-эмитенттері шығарған, халықаралық (шетелдік) қаржы нарықтарында саудаланатын қаржы құралдарын сатып алу-сату жөніндегі халықаралық (шетелдік) нарықтарда мәмілелер жасасу;
 - 9) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында мәмілелер жасасу;
 - 10) Декларацияның 22 және 24-тармақтарында көзделген талаптарды ескере отырып жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу.
20. Қор биржасында жасалатын бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бағалы қағаздарды алғаш орналастырған кезде оларды сатып алу жөніндегі мәмілелерді қоспағанда, ашық сауда-саттық әдісімен жасалады.
21. Қор биржасындағы зейнетақы активтері есебінен «Кері репо» операциялары орталық контрагенттің қызметтерін қолдана отырып, күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылады.
22. Зейнетақы активтері есебінен мәмілелер қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысулар «Төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша шетелдік есеп айырысу ұйымдары арқылы жүзеге асырылған жағдайда халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығында жасалады, бұл ретте мәміле тарапының қаржы құралдарын жеткізу жөніндегі міндеттемелерін орындауы оның өзге қаржы құралдарын алу жөніндегі қарсы талаптарын орындамай немесе орталық контрагенттің қызметтерін қолдана отырып мүмкін болмайды.
23. Зейнетақы активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер келесілермен жасалмайды:

- 1) инвестициялық портфельді басқарушының үлестес тұлғаларымен;
- 2) инвестициялық портфельді басқарушының осы инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлеріне тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқарушылармен;
- 3) инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлері шығарған акцияларды және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлерінің жарғылық капиталына қатысу үлестерін сенімгерлік басқарушылармен;
- 4) Декларацияның осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген сенімгерлік басқарушылардың үлестес тұлғаларымен.

Декларацияның осы тармағының 1) – 4) тармақшаларының нормалары ұйымдастырылған нарықта ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерге, сондай-ақ декларацияның 19-тармағының 1) – 5) тармақшаларында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Басқарушы осы тармақтың 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар шығарған (ұсынған) үлестік қаржы құралдарын, көрсетілген үлестік қаржы құралдарына айырбасталатын борыштық қаржы құралдарын, сондай-ақ құрылымдық өнімдерді зейнетақы активтері есебінен сатып алу жөнінде шешімдер қабылдамайды.

- 24.** Зейнетақы активтері есебінен туынды қаржы құралдарымен мәмілелер, егер осы туынды қаржы құралдарының базалық активі зейнетақы активтерінің құрамына кірген жағдайда тек хеджирлеу мақсатында жасалады.

5 Тарау. Инвестициялық қызметпен байланысты негізгі тәуекелдер туралы ақпарат.

- 25.** Зейнетақы активтерін қаржы құралдарына инвестициялау тәуекелдері мынадай тәуекелдерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) ерекше мемлекеттік мүдделер саласы болып табылатын, саяси ахуалды өзгерту, экспроприациялау, ұлттандыру, экономика салаларына инвестицияларды шектеуге бағытталған саясатты жүргізу мүмкіндігімен, энергия ресурстарына бағалардың төмендеуімен және өзге де мән-жайлармен байланысты саяси және экономикалық тәуекелдер;
- 2) көптеген қаржы институттарының өз міндеттемелерін, оның ішінде банк жүйесінің тәуекелін орындай алмауына байланысты жүйелік тәуекел;
- 3) валюта бағамдарының, пайыздық мөлшерлемелердің, қаржы құралдарының және өзге де мүліктің (мүліктік құқықтардың) бағасының ауытқуымен байланысты нарықтық тәуекел;
- 4) үшінші тұлғалар тарапынан мүлікке (мүліктік құқықтарға) қатысты құқыққа құқықсыз әрекеттер тәуекелі;
- 5) бағалы қағаздар эмитенттері, қаржы құралдарын шығарған (ұсынған) тұлғалар және мәмілелер бойынша контрагенттер тарапынан қабылданған міндеттемелерді орындамау мүмкіндігімен байланысты кредиттік тәуекел;
- 6) міндеттемелерді орындамауға не уақтылы орындамауға байланысты өтімділік тәуекелі.
- 7) бағалы қағаздардың активтер ретіндегі өтімділігін жоғалту тәуекелі олардың төмен шығындармен және қолайлы бағамен тез сатылу қабілетімен айқындалады;
- 8) транзакцияларды өңдеу кезінде пайдаланылатын жабдық пен бағдарламалық

қамтамасыз етудің дұрыс жұмыс істемеуі мүмкіндігімен, сондай-ақ қызметкерлер құрамының дұрыс емес әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен байланысты операциялық тәуекел;

- 9) нарықта міндеттемелерді орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің болмауына (жеткіліксіздігіне) байланысты кәсіпкердің тәуекелі;
- 10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына немесе халықаралық келісімдерге енгізілген өзгерістерге байланысты тәуекел;
- 11) табиғи апаттар, дүлей құбылыстар, өрттер, әскери іс-қимылдар, қоршау, экспортқа немесе импортқа тыйым салу және т.б. сияқты еңсерілмейтін күштің (форс-мажорлық мән-жайлардың) төтенше немесе алдын алуға болмайтын оқиғаларының туындау қаупі,

6 Тарау. Сыйақыны есептеу саясаты.

- 26.** Басқарушының комиссиялық сыйақысын есептеу зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес жүргізіледі.